

**"Тұқым шаруашылығы саласындағы кейбір субъектілерді аттестаттау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1393 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 қарашадағы № 1507 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы № 870 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Тұқым шаруашылығы саласындағы кейбір субъектілерді аттестаттау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1393 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 4, 78-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Бірегей және элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау қағидаларын бекіту т у р а л ы » ;

2) 1-тармақтың 2), 3) тармақшалары алынып тасталсын;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Бірегей және элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау қағидаларында :

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жеке және заңды тұлғаларға бірегей тұқым өндіруші, элиталық тұқым шаруашылығы, тұқым шаруашылығы, тұқым өткізуші мәртебесін беру жергілікті атқарушы органның қаулысымен жүзеге асырылады.

Жергілікті атқарушы органның ауыл шаруашылығы саласындағы тиісті құрылымдық бөлімшесі жергілікті атқарушы органның жұмыс органы болып т а б ы л а д ы . » ;

8-тармақтың 12) және 13) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«12) бірегей тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдіктері түрлерінің бірегей тұқымдарын өндіру жөніндегі жұмыстардың бүкіл кешенін қамтамасыз ету үшін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған арнайы селекциялық және тұқым



сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы ыдыстың, асфальтталған жабық алаңдардың, жеміс, жидек дақылдары мен жүзімге арналған көму алаңдарының болуы;»;

11-тармақтың 1), 3), 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) жоспарланған жұмыс көлемін білікті түрде орындау үшін тиісті білімі бар (ортадан кейінгі немесе жоғары) штат кестесінде көзделген мамандар санының, оның ішінде кемінде бір агроном-тұқымшының болуы;

3) тұқымдар партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырымдардың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы ыдыстың, асфальтталған жабық алаңдардың, жеміс, жидек дақылдары мен жүзімге арналған көму алаңдарының болуы;

4) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын сақтау, тазалау және өткізу жөніндегі барлық жұмыстар кешенін қамтамасыз ету үшін меншік құқығындағы немесе лизингке немесе мүліктік жалға не сенімгерлік басқаруға алынған мамандандырылған техниканың болуы;»;

12, 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Бірегей тұқым өндіруші, элиталық тұқым шаруашылығы, тұқым шаруашылығы, тұқым өткізуші мәртебесін алу үшін жеке және заңды тұлғалар жергілікті атқарушы органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша белгіленген үлгідегі ө т і н і ш ;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың к ө ш і р м е с і ;

3) жер учаскесіне арналған сәйкестендіру құжатының көшірмесі (тұқым өткізушілер т а п с ы р м а й д ы ) ;

4) жеке немесе заңды тұлғаның осы Қағидалардың 2-тарауында баяндалған талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар;

5) тұқым өндірумен тікелей айналысатын мамандардың тізімі.

Жергілікті атқарушы орган бірегей тұқым өндіруші, элиталық тұқым шаруашылығы, тұқым шаруашылығы, тұқым өткізуші мәртебесін алуға жеке және заңды тұлғалардың құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі белгіленген жағдайда жергілікті атқарушы орган көрсетілген мерзімде өтінішті бұдан әрі қараудан жазбаша дәлелді бас тартуды береді.

13. Жергілікті атқарушы органның қаулысымен құрамы кемінде бес адамнан

тұратын (комиссияның төрағасы және төрт мүшесі) сараптамалық комиссия құрылады.

Сараптамалық комиссияның құрамына жергілікті атқарушы органның ауыл шаруашылығы саласындағы тиісті құрылымдық бөлімшесінің, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциясының, аграрлық бейіндегі ғылыми және қоғамдық ұйымдардың (келісім бойынша) өкілдері кіреді.

Сараптамалық комиссия жеке немесе заңды тұлғаның аттестаттауға өтініші түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарды зерделейді және орналасқан жеріне бару арқылы жеке немесе заңды тұлғаның бірегей тұқым өндірушілерге, элиталық тұқым шаруашылығына, тұқым шаруашылығына, тұқым өткізушілерге қойылатын талаптарға сәйкестігі дәрежесін анықтайды.»;

17 және 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«17. Бірегей тұқым өндіруші, элиталық тұқым шаруашылығы, тұқым шаруашылығы, тұқым өткізуші мәртебесін беру туралы жеке немесе заңды тұлғаның өтінішін қараудың жалпы мерзімі өтініш түскен сәттен бастап жиырма жұмыс күнінен аспауы тиіс.

18. Сараптамалық комиссияның оң қорытындысын алған жеке және заңды тұлғаларға жергілікті атқарушы органның қаулысымен бірегей тұқым өндіруші, элиталық тұқым шаруашылығы, тұқым шаруашылығы, тұқым өткізуші мәртебесі беріледі және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестаттау туралы куәлік беріледі.»;

көрсетілген Қағидаларға 2 және 3-қосымшалар осы қаулының 1 және 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
С. Ахметов  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2012 жылғы 29 қарашадағы  
№ 1507 қаулысына  
1-қосымша  
Бірегей, элиталық тұқым, бірінші,  
екінші және үшінші көбейтілген  
тұқым өндірушілерді және тұқым  
өткізушілерді аттестаттау

қ а ғ и д а л а р ы н а

2-қосымша

Нысан

**Жеке немесе заңды тұлғаның бірегей тұқым өндірушілерге,  
элиталық тұқым шаруашылықтарына, тұқым шаруашылықтарына, тұқым  
өткізушілерге қойылатын талаптарға сәйкестігін тексеру актісі**

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ облысының (республикалық  
маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының 20\_\_  
жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ қаулысымен құрылған сараптамалық комиссия

(заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің  
аты көрсетіледі) (ауыл шаруашылығы өсімдігінің атауы, сорттардың саны

(бірегей тұқым өндірушілер үшін сорттардың саны көрсетілмейді)  
\_\_\_\_\_ (к ө р с е т і л е д і )  
тұқымын өндіру және сату (тұқым өткізушілер үшін – тек тұқым сату)  
жөніндегі \_\_\_\_\_

(берілетін мәртебе түрлерінің біреуі көрсетіледі)  
мәртебесіне сәйкестігін тексеру нәтижелері туралы осы актіні жасады.  
Зерттеу \_\_\_\_\_ нәтижесінде \_\_\_\_\_ белгілі \_\_\_\_\_ болғаны:

(талаптардың әрбір тармағы бойынша сәйкестік дәрежесі көрсетіледі)  
Қ о р ы т ы н д ы :

Комиссия төрағасы \_\_\_\_\_  
(тегі, аты-жөні, лауазымы) (қолы)

Комиссия мүшелері \_\_\_\_\_  
(тегі, аты-жөні, лауазымы) (қолы)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты-жөні, лауазымы) \_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты-жөні, лауазымы) \_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты-жөні, лауазымы) \_\_\_\_\_ (қолы)

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 9

қ а р а ш а д а ғ ы

№

1 5 0 7

қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

Бірегей,

элиталық

тұқым,

бірінші,

екінші

және

үшінші

көбейтілген

тұқым

өндірушілерді

және

тұқым

өткізушілерді

аттестаттау

қ а ғ и д а л а р ы н а

3-қосымша

Нысан

## № \_\_\_\_\_ аттестаттау туралы куәлік

\_\_\_\_\_ (заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің  
\_\_\_\_\_ берілді, оған \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ а т ы \_\_\_\_\_ к ө р с е т і л е д і )

облысының (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті  
атқарушы органының 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ қаулысымен

\_\_\_\_\_ (ауыл шаруашылығы өсімдігінің атауы, сорттардың саны (бірегей

\_\_\_\_\_ тұқым өндірушілер үшін сорттардың саны көрсетілмейді) көрсетіледі)  
тұқымын өндіру және сату (тұқым өткізушілер үшін – тек тұқым сату)  
жөніндегі \_\_\_\_\_ мәртебесі берілді.

(берілетін мәртебе түрлерінің біреуі көрсетіледі)

Басшы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ (қолы)

Лауазымы \_\_\_\_\_

Берілген күні: 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

М . О .  
20\_\_ ЖЫЛҒЫ «\_\_» \_\_\_\_\_ дейін жарамды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ